

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 377 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 6589 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 наурыздағы № 59 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 14.03.2019 № 59 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына және 69-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сырдария ауданында талшықты оптикалық байланыс жүйесі желісін жүргізу мақсатында жер учаскесін пайдалану үшін жер учаскелерін жер пайдаланушылардан алып қоймай үш жыл мерзімге осы қаулының қосымшасына сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талшықты - оптикалық байланыс жүйесі желісін жүргізу аяқталғаннан кейін бүлінген жерлерді жаңғырту жүргізу ұсынылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Қазантаев

Сырдария ауданы әкімдігінің 2018 жылғы
21 желтоқсан №377 қаулысына қосымша

Сырдария ауданында талшықты-оптикалық байланыс жүйесі желісін жүргізу мақсатында жер учаскесін пайдалану үшін үш жыл мерзімге жер учаскелерін жер пайдаланушылардан алып қоймай белгіленетін қауымдық сервитут

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Қауымдық сервитут белгіленген жерлер, гектар жалпы	оның ішінде	
			ұзындығы метр	ені, метр
1	Акжарма ауылдық округі	51,848	129620	4
2	Айдарлы ауылдық округі			
3	Бесарық ауылдық округі			

4	Жетікөл ауылдық округі	53,98	134950	4
5	Н.Илиясов ауылдық округі			
6	Қоғалыкөл ауылдық округі			
7	Шіркейлі ауылдық округі			

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан